

ЕНДІ КЕҢСЕ АРАЛАП, ҚАҒАЗ ЖИНАМАЙДЫ

13 тамыз 2013 | 19:08 | Қоғам | Қаралған: 2478 | Пікірлер: 0



Өз кәсібінді ашып, жеке іс бастаймын деген азаматтар бұдан былай кеңсе аралап, қағаз жинамайтын болады. «Даму» қорының ұйтқы болуымен Өскеменде кеше кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды. Мекеменің ашылу салтанатына облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқармасының төрайымы Ләззат Ибрагимова қатысты.

Жеңіс даңғылының бойында бой көтерген бұл жаңа ғимарат жеке іс бастауға ниет еткен болашақ кәсіпкерлерге қызмет көрсетпек. Елбасының жеке кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес ұйымдастырылып отырған бұл орталықтың облыс үшін берері мол.

Бұл жерде көрсетілетін қызметтің бәрі «бір терезе» қағидасына сәйкес атқарылады екен. Қызметтің барлығы бизнеспен байланысты. Өз ісін ашып, кәсіппен айналысам деген кез келген азамат құжаттық жұмыстарды қалай бастап, қалай жүргізу керек екендігін бірден білмеуі мүмкін. Мұнда құжаттарды толтыруға байланысты қарапайым кеңестерден бастап, бизнес-жоспарды жетілдіру, несие беру, біліктілік-ті көтеру курстары, бизнес табысын ұлғайту сияқты кәсіпкер үшін аса қажетті көмектер көрсетіледі. Ең бастысы, аталған көмектің барлығы бір жерде Орталықтың қолайлылығы, ыңғайлылығы осында жатыр.

Облыс басшысының айтуынша, кәсіпкерлікпен айналысуға ниет танытып, тәуекелге бел буған азаматтар үшін кездесетін кедергілерді мейлінше азайту керек, ол үшін барлық жағдай жасалуда.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес кәсіпкерлікті дамыту саласында қыруар шаруалар атқарылып жатыр, соның бір парасы – бүгінгі ашылып жатқан кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы. Облысымызда еңбек етіп жатқандардың 31 пайызын дәл осы кәсіпкерлер құрап отыр, олар соңғы алты айдың ішінде мемлекетке 35 млрд. теңге салық төлеген. Шағын бизнес – мемлекеттің алға сүйрейтін күші. Сол себептен де елімізде жүзеге асырылып жатқан арнайы бағдарламалар шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталып отыр. Шағын кәсіпкерлік дамыса, қосымша жұмыс орындары ашылады. Осы ретте «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» мекемесіне үлкен алғыс айтықым келеді. Жаңа орталық құтты болсын, кәсіпкерлерге табыс тілеймін, – деді аймақ басшысы өзінің құттықтау сөзінде.

Салтанатты жиында сөз алған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқармасының төрайымы Ләззат Ибрагимова мұндай орталықтардың жыл соңына дейін республикамыздың барлық ірі қалаларында ашылатынын айтты.

– Республика бойынша біз бүгін жетінші орталықты ашып отырмыз, Семейде дәл осындай кәсіпкерлерге арналған мекеме жұмыс істеп тұр. Мұнда алдағы уақыттарда ағылшын, неміс тілдерінің бизнестік саласын үйрететін арнайы тілашарлар ашылады. АҚШ пен Германиядан

іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндіктер қарастырылады, – деді Ләззат Ибрагимова.

Ашылу лентасы салтанатты жағдайда қиылған соң, қонақтар ғимарат ішіндегі қызмет көрсету орындарымен танысты. Мұнда әртүрлі бизнес консалтингтер, заңгерлік көмек беру орталықтарының мамандары, екінші деңгейлі банк өкілдері жұмыс істейді. «Парасат» бизнес консалтингінің бас директоры Алмаз Ахметжановтың айтуынша, көмек іздеп келген клиенттерге мұнда бухгалтерлік және салықтық есеп бойынша, сондай-ақ, банктік құжаттарды толтыру, кедендік процедуралар, тауарды декларациялау, мемлекеттік сатып алу сияқты көптеген маңызды мәселелер бойынша тегін кеңес беріліп, көмек көрсетіледі. Олар кәсіпкерлерге көмек көрсету саласына байланысты ұйымдастырылған тендердің негізгі 7 түрін ұтып алған екен. Дәл осы жерде Қазақстан Халық банкінің өкілі де отыр. Светлана Уфимцеваның айтуынша, мұнда клиенттің бизнес-жоспарына сәйкес 150 млн. теңгеге дейін несие беру жағы да қарастырылған. Қаз-қатар орналасқан мамандар бизнеске қажетті ақпарат пен құжаттық жұмыстарды нақтылап беруге әзір.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» ШҚО филиалының директоры Бақыт Мұсаевтың айтуынша, қазіргі уақытта кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында 15 маман жұмыс істейді. Олар айына 200-ден астам кәсіпкерге қызмет көрсетуді жоспарлап отыр.

Дарын Нұрсапаров